

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№500 бұйрығына
86 -қосымшасы

оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің
ағалық оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жүктеме,сағат	
		10"А"	10"Б"	11"А"	11"Б"	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
		1	1	1	1	4	136
1	Қазақ тілі	1	1	1	1	4	136
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	8	272
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	8	272
4	Шетел тілі	3	3	3	3	12	408
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	4	4	16	544
6	Геометрия	2	2	2	2	8	272
7	Информатика	2	2	2	2	8	272
8	Физика	2	2	2	2	8	272
9	Химия	2	2	2	2	8	272
10	Биология	2	2	2	2	8	272
11	География	2	2	2	2	8	272
12	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	8	272
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	4	136
14	Құқық негіздері	1	1	1	1	4	136
15	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	408
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	1	1	4	136
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	32	32	128	4352
Вариативтік компонент							
		1	1	1	1	4	136
	Жаһандық құзыреттілік	1	1	1	1	4	136
	Элективті курстар	2	2	2	2	8	272
	Basics of general biology	1	-	-	-	1	34
	Елтану	-	1	-	-	1	34
	Микробиология	1	1	-	-	2	68
		-	-	1	-	1	34
	Химия пәнінен оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытатын тапсырмалар						
	Физиканы оқытуда жана инноваттық технологиялар арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру	-	-	1	-	1	34
	Елтану	-	-	-	1	1	34
	Басқа мүшелер топографиясы	-	-	-	1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	3	3	12	408
Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі		35	35	35	35	140	4760

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ

Келісілді _____
ҚББ басшысы
Уразбаева Г.А.
« _____ » _____ 2024 жыл



Бекітемін _____
Мектеп директоры
Шайхыбеков К.П.
№ 1 педагогикалық кеңесте бекітілді
« 29 » _____ 2024 жыл



**2024-2025 оқу жылына оқыту
қазақ тілінде жүргізілетін
бастауыш, негізгі орта,
жалпы орта білім берудің
жұмыс оқу жоспары**



АХМЕТ BIRIMZHANOV
jalpy bilim беретin mektebi

Қостанай қаласы
2024 – 2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылына оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарына түсініктеме хат.

«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – толық жинақталған.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және нормативтік құжаттарды басшылыққа аламыз:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008.03.18 ж. № 125 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023.04.13 ж. № 96 бұйрығына өзгеріс енгізілумен)

- «Орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтардың, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020.05.22 ж. № 216 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығына өзгеріс енгізілумен);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары (ҚР ДСМ 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

1-4 сыныптар үшін жұмыс оқу жоспарын құруда келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы (18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) **(1-қосымша)**.

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

4. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі.

«Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан оқытылады, 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады.

«Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылады.

Мемлекеттік бастауыш білім беру стандартының 3-тарауының 30-тармағының негізінде 24 және одан да көп адам сыныбын толтырған кезде сыныптарды пәндер бойынша екі топқа бөлу қарастырылған: цифрлық сауаттылық, шет тілі және мемлекеттік тілде оқытылатын сыныптар үшін орыс тілінен. Бұл талап барлығы аптасына 10 сағат **3 «А», 3«Б», 4«А», 4«Б»** сыныптарында орындалады.

Жоғарыда аталған пәндерден инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу білім алушылардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады. Бұл талап ерекше білім беруді

кажет ететін 1 оқушы бар 4 «А» сыныбында орындалады.

Оқу жұмыс жоспары бастауыш білім беру мақсатын іске асыруға - мынадай кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған:

- 1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану;
- 2) сыни тұрғыдан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;
- 5) коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды қолдану;
- 6) топта және жеке жұмыс істей білу.

Бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспарының құрылымы инвариативті және вариативті компоненттерден тұрады. Инвариативті компонент алты білім беру саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

Бастауыш білім беру деңгейінің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарында вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

- 1-сыныпта – 1 сағатты;
- 2-сыныпта – 2 сағатты;
- 3-сыныпта – 1 сағатты;
- 4-сыныпта – 1 сағатты құрайды.

Вариативті компонент даму сипатындағы жеке және топтық сабақтардың болуын білдіреді. 2024-2025 оқу жылында 1 «А», 1 «Б» және 1 «В» сыныптарында «**Логикалық математика**» таңдау курсы енгізілді (Облыстық оқу-әдістемелік кеңесі отырысының 30.07.2024 жылғы № 5 хаттамасымен бекітілген). Құрастырушылар Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері: Бухарбаева Қ.С., Абдикаримова Ж.К. Аптасына 1 сағат жылына 33 сағат. **Мақсаты:** мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындау; оқушыларды ақыл-ойының математикалық стилін, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапалары дамыту; оқытуды қажетті дәрежеде дараландыру, әрбір оқушының қызығу қабілетін анықтау үшін тиімді жағдай жасау; барынша баланың өзіндік тәжірибесін анықтау, жетелеу, пайдалану. **Күтілетін нәтиже:** оқушылар есептеулердің тиімді жаңа тәсілдерін, танымдық және логикалық тапсырмалардың шешу жолдарын анықтай алады. Тақырыптың теориялық бөлімінде сыныптағы жеке оқушының қабілетіне, олардың білім деңгейіне қолданудағы мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ізденімпаздығы талап етіледі.

2 «А», 2 «Б» сыныптарда «**Тілдарын**» таңдау курсы енгізілді, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Құрастырушылар Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Абдуллина З.М., Бакубаева Р.А., Иманкулова Ш.А. «ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы», 2022 ж. **Бағдарламаның басты мақсаты:** Тіл туралы оқушыларда тұтас ғылыми ұғым қалыптастыру, тіл ғылымы туралы негізгі ережелерді меңгерту; алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгерту, сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, интеллекісі мен шығармашылық қабілеттерін, қатысымдық құзыреттілігін дамыту, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау; ауызша және жазбаша сөйлеудің коммуникативтік білігі мен дағдысын игерген тілдік тұлға қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** Тілдарын жинағының тапсырмалары арқылы оқушының құзыреттілік қабілеттері мен сөйлеу мәдениеті дамиды; өз ойын дәлелдей алатын жеке шығармашыл тұлға қалыптасады.

Сонымен қатар, 2 «А», 2 «Б», 2 «В» сыныптарда «**Қызықты математика әлемі**» таңдау курсы жүргізіледі. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Құрастырушылар Телгознева Г.Б., Досбайева Ж.П., Сатышева Э.Н., Лесова З.Ж. – Шымкент қаласы: бастауыш сынып мұғалімдері, 2021 жыл. **Мақсаты:** Математиканың тарихы мен логикалық есептерді шешуді үйрете отырып, бағыт таңдауға саналы түрде дайындау, оқушының логикалық мәдениетін қалыптастыру. **Күтілетін нәтиже:** логика, математикалық терминдер ұғымын, тарихын біледі, өлшеуге, қозғалысқа, құюға берілген, әзіл есептерді шығара біледі, сөзтізбе, ребустар, әзіл есеп, математикалық ертегілер құрастыра біледі.

3 «А», 3 «Б» сыныптарында «**Жазбаша көбейту және бөлу әлемінде**» таңдау курсы жүргізіледі, аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Құрастырушы Ф.Қайырбеков атындағы № 9 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері Макенова Б.Н., Сакаева Д.Е. (Облыстық оқу-әдістемелік кеңесі отырысының 19.05.2023 жылғы № 5 хаттамасымен

бекітілген) 2023 ж. **Мақсаты:** математика бойынша базалық тақырыптарды, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қамту; оқушылардың есептеу дағдыларын жетілдіру, пысықтауға көмектесу; балалардың ой-өрісін, логикалық ойлауын, шығармашылығын арттыру; ауызша және жазбаша көбейту мен бөлу дағдысын жаттықтыру. **Күтілетін нәтиже:** Оқушыларды берілген есептерге талдау жасай білу, сөз есептің алгоритмін құра білу, шығару жоспарын құрып, қорытынды жасай білуге үйрету; өмір мен қоғамға қажетті мәселелерді математика ғылымына тән жан-жақты талдай білуге баулу, мақсат қоя білуге шыңдау; байқағыштыққа, тапқырлыққа берілген логикалық есептерді шеше білу. **4«А», 4«Б»** сыныптарда **«Оқу сауаттылығы-заман талабы»** таңдау курсы жүргізіледі. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Құрастырушы Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімдері Абдулдина З.М., Байменова М.М. (Қалалық оқу-әдістемелік кеңесінің 04.07.2024 жылғы № 5-6 отырысы хаттамасымен бекітілген). **Курстың мақсаты:** оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне біліп олардың түйінінен ой жүгірте білуге, мәтін мазмұнына өзіндік пайымдау жасауға, пайдалана білуге үйрету. **Күтілетін нәтиже:** мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтай алады; коммуникаттік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді орынды қолданады; диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізеді; оқылым стратегияларын (комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу) сауатты қолданады; оқылым және тыңдалым дағдылары бойынша мәтіннің мазмұнын түсінеді, практикада қолдана алады; ана тілін жетік білетін, ұлттық мәдени құндылықтарды бағалай алатын тұлға қалыптасады.

Вариатив компоненті есебінен бөлінген курстардың бағдарламалары 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі бойынша бекітілді.

«Шет тілі» пәнін оқытуға қарастырылған сағаттар «Ағылшын тілі» пәнін оқуға арналған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2015); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарауының 25-тармағының негізінде 2-4-сыныптарда «Дүниетану» пәнінің аясында **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері»** курсы жүргізіледі. 2-3 - сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі. Мектеп үшін білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға кепілдік беретін оқу үдерісі үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету маңызды міндет болғандықтан, ұйымдастырушылық, ақпараттық, үгіт-насихаттық, оқыту-тәрбиелік салалардың барлық спектрі бойынша жүйелі жұмыс жүргізіледі. **Мақсаты мен міндеттері:**

- Адам өміріне төнетін қауіп-қатердің түрлерімен таныстыру;
- Балаларға экологиялық мәдениет, салауатты өмірді тәжірибеде бекіту және түсіндіру, қауіпті заттармен абай болу, көшеде өзін дұрыс ұстау;
- Төтенше жағдайда ескерту шараларынан кейін өздерінің әрекеттеріне сенімділікті енгізу;
- «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсы бойынша оқыту үрдісінде алынған теориялық білімдері мен тәжірибелік әдістерін жүзеге асыру;
- өмір жағдайларында бір-біріне қамқорлық және өзара көмектер көрсету;
- Жауапкершілікті арттырып, қайратты, тапқыр, сабырлы, жігерлі болуға шыңдау;

Мемлекеттік бастауыш білім беру стандартының 2 – тарауының 26-тармағының негізінде 1-4 - сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып **«Жол қозғалысы ережелері»** оқу курсы жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 1-сыныпта - 19,5 сағатты, 2 – сыныпта – 24 сағатты, 3 – сыныпта - 26 сағатты, 4 – сыныпта - 26 сағатты құрайды.

Жұмыс оқу жоспары мектептің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі бойынша бекітілді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің жұмыс оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны								Жалпы жүктеме,сағат	
		1"А"	1"Б"	1"В"	2"А"	2"Б"	2"В"	4"А"	4"Б"	апталық	жылдық
Инварианттық компонент											
	Тіл және әдебиет	6	6	6	9	9	9	11	11	67	2260
1	Өліпше,Ана тілі	6	6	6	-	-	-	-	-	18	594
2	Қазақ тілі	-	-	-	4	4	4	4	4	20	680
3	Әдебиеттік оқу	-	-	-	3	3	3	3	3	15	510
4	Орыс тілі	-	-	-	2	2	2	2	2	10	340
5	Шетел тілі	-	-	-	-	-	-	2	2	4	-
	Математика, информатика	4,5	4,5	4,5	5	5	5	6	6	40,5	1363,5
6	Математика		4	4	4	4	4	5	5	34	1144
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	1	6,5	219,5
	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	1	2	2	10	340
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	1	1	2	2	10	340
	Адам және қоғам	1	1	1	1	1	1	1	1	8	269
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	1	1	1	8	269
	Технология және өнер	3	3	3	3	3	3	2	2	22	739
10	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	1	8	269
11	Көркем еңбек	-	-	-	-	-	-	1	1	2	34
12	Еңбекке баулу	1	1	1	1	1	1	-	-	6	201
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	1	1	1	-	-	6	201
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	24	807
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	24	807
	Инварианттық оқу жүктемесі	18,5	18,5	18,5	22	22	22	25	25	171,5	5775,5
Варианттық компонент											
	Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	1	2	2	2	1	1	11	371
	Логикалық математика	1	1	1						3	99
	Тілдарын	-	-	-	1	1	1	-	-	3	102
	Қызықты математика әлемі	-	-	-	1	1	1	-	-	2	68
	Оқу сауаттылығы-заман талабы	-	-	-	-	-	-	1	1	11	371
	Варианттық оқу жүктемесі	1	1	1	2	2	2	1	1	11	371
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті	19,5	19,5	19,5	24	24	24	26	26	182,5	6146,5
Сыныптарды бөліп оқыту											
№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны								Жалпы жүктеме,сағат	
		1"А"	1"Б"	1"В"	2"А"	2"Б"	2"В"	4"А"	4"Б"	апталық	жылдық
1	Орыс тілі (Т2)	-	-	-	-	-	-	2	2	4	136
2	Ағылшын тілі	-	-	-	-	-	-	2	2	4	136
3	Цифрлық сауаттылық	-	-	-	-	-	-	1	1	2	68
	Бөліп оқытылатын сағаттар саны	-	-	-	-	-	-	5	5	10	340

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі 2024
жылғы 8 ақпандағы
№ 27 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің 2012
жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері			Жалпы жүктеме,сағат	
		3"А"	3"Б"	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
	Тіл және әдебиет	11	11	22	748
1	Әліппе, Ана тілі	-	-	-	-
2	Қазақ тілі	4	4	8	272
3	Әдебиеттік оқу	3	3	6	204
4	Орыс тілі	2	2	4	136
5	Шетел тілі	2	2	4	136
	Математика, информатика	6	6	12	408
6	Математика	5	5	10	340
7	Цифрлық сауаттылық	1	1	2	68
	Жаратылыстану	1	1	2	68
8	Жаратылыстану	1	1	2	68
	Адам және қоғам	1	1	2	68
9	Дүниетану	1	1	2	68
	Технология және өнер	3	3	6	204
10	Музыка	1	1	2	68
11	Көркем еңбек	-	-	-	-
12	Еңбекке баулу	1	1	2	68
13	Бейнелеу өнері	1	1	2	68
	Дене шынықтыру	3	3	6	204
14	Дене шынықтыру	3	3	6	204
	Инварианттық оқу жүктемесі	25	25	50	1700
Вариативті компонент					
	Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	1	2	68
	Жазбаша көбейту және бөлу әлемінде	1	1	2	68
	Вариативтік оқу жүктемесі	1	1	2	68
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі	26	26	52	1768
Сыныптарды бөліп оқыту					
№	Оқу пәндері			Жалпы жүктеме,сағат	
		3"А"	3"Б"	апталық	жылдық
1	Орыс тілі (Г2)	2	2	4	136
2	Цифрлық сауаттылық	1	1	2	68
3	Ағылшын тілі	2	2	4	136
	Бөліп оқытылатын сағаттар саны	5	5	10	340

2024-2025 оқу жылына арналған негізгі орта білім берудің 5-9 сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспарына түсініктеме хат.

«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – толық жинақталған.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және нормативтік құжаттарды басшылыққа аламыз:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008.03.18 ж. № 125 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023.04.13 ж. № 96 бұйрығына өзгеріс енгізілумен)

- «Орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтардың, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020.05.22 ж. № 216 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен жана редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығына өзгеріс енгізілумен);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР ДСМ 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

5-9 сыныптар үшін оқу жұмыс жоспарын құруда келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен) **(6-қосымша)**

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж. № 399 бұйрығы, 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).

4. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

Оқу жұмыс жоспары негізгі орта білім беру мақсатын іске асыруға бағытталған - жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеу, мамандықты саналы түрде таңдау және игеру үшін негіз құру, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып.

2024-2025 оқу жылында мектептің жұмыс оқу жоспары оқу, психологиялық, физикалық белсенділікті оңтайландыратын білім беру пәндерінің тепе-теңдігін қамтиды, сонымен бірге оқушылардың қабілеттеріне, жеке бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес әр түрлі санаттағы студенттерге толыққанды білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге арналған.

Қазақ тілінде оқытатын негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының құрылымы инвариативтік және вариативтік компоненттерден тұрады. Негізгі орта білім берудің инварианттық компоненті алты білім беру саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру».

Негізгі орта білім беру стандартының 3-тарауының 57-тармағының негізінде 24 және одан да көп адам сыныбын толтырған кезде сыныптарды пәндер бойынша екі топқа бөлу қарастырылған: мемлекеттік тілде оқытылатын сыныптар үшін орыс тілі мен әдебиеті, шет тілі, информатика. Бұл талап барлығы аптасына 28 сағат **6 «А», 6«Б»** сыныптарында орындалады.

Жоғарыда аталған пәндерден инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу білім алушылардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады. Бұл талап ерекше білім беруді қажет ететін 1 оқушы бар 6 «Б» сыныбында орындалады.

Сонымен қатар, 5-9 сыныптарда көркем еңбек бойынша сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға бөлінеді.

Вариативті компонент мектеп оқушыларын академиялық білімі, функционалдық дағдылары, жеке құзыреттілігі мен қарым-қатынасы жеткіліксіз қазіргі жағдайда өмір сүру үшін сапалы дайындауға арналған. Мүлдем жаңа қасиеттер қажет – метакогнитация, метакомпетенция. Осы стратегияны іске асыру үшін «**Жаһандық құзыреттілік**» курсы жүргізу жалғастырылады, оның мақсаты - Жаһандық азаматтылық құзыретіне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Осы курстың оқу жүктемесінің көлемі:

5 «А», 5 «Б» сыныптарда 0,5 сағат, жылына 17 сағат. **Курстың мақсаты:** жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

6 «А», 6 «Б» сыныптарда 0,5 сағат, жылына 17 сағат. **Курстың мақсаты:** қазақстандық қоғамның бірдей қодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

7 «А», 7 «Б» сыныптарда 0,5 сағат, жылына 17 сағат. **Курстың мақсаты:** қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады.

8 «А», 8 «Б» сыныптарда 0,5 сағат, жылына 17 сағат. **Курстың мақсаты:** білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын тегеуріндерімен таныстыру; өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

9 «А», 9 «Б» сыныптарда 1 сағат, жылына 34 сағат. **Курстың мақсаты:** білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың құқықтық және діни сауаттылығын қалыптастыруға, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсінуге, діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделеуге бағытталған.

Негізгі орта білім беру деңгейінде шет тілін оқыту үшін жұмыс оқу жоспарының инвариативтік бөлігінде көзделген сағаттар "Ағылшын тілі" пәнін оқыту үшін айқындалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2015); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып «**Өмір қауіпсіздігінің негіздері**» оқу курсының жүргізіледі. Курстың мазмұны 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру пәні аясында жүргізілді. **Мақсаты мен міндеттері:**

- Адам өміріне төнетін қауіп-қатердің түрлерімен таныстыру;
- Балаларға экологиялық мәдениет, салауатты өмірді тәжірибеде бекіту және түсіндіру, қауіпті заттармен абай болу, көшеде өзін дұрыс ұстау;
- Төтенше жағдайда ескерту шараларынан кейін өздерінің әрекеттеріне сенімділікті енгізу;

- «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсы бойынша оқыту үрдісінде алынған теориялық білімдері мен тәжірибелік әдістерін жүзеге асыру;
- өмір жағдайларында бір-біріне қамқорлық және өзара көмектер көрсету;
- Жауапкершілікті арттырып, қайратты, тапқыр, сабырлы, жігерлі болуға шыңдау;

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік стандартының 2-тарауының 38-тармағының негізінде 5-8 сыныптардағы **"Жол қозғалысы ережелері"** оқу курсы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен күнін көрсете отырып, әр сыныпта 10 сағаттан жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныптарда – 28,5 сағатты, 6 –сыныптарда – 28,5 сағатты, 7-сыныптарда – 31,5 сағатты, 8-сыныптарда - 32,5 сағатты, 9-сыныптарда – 34 сағатты құрайды.

Жұмыс оқу жоспары мектептің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі бойынша бекітілді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны										Жүктеме,сағат		
		5"А"	5"Б"	6"А"	6"Б"	7"А"	7"Б"	8"А"	8"Б"	9"А"	9"Б"	апталық	жылдық	
		Инварианттық компонент												
												110	3740	
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	11	11	11	11	11	26	884	
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	3	3	2	2	2	2	24	816	
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	2	2	3	3	3	3	30	1020	
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	30	1020	
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	60	2040	
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	6	6	6	6	6	20	1190	
5	Математика	5	5	5	5	-	-	-	-	-	-	18	612	
6	Алгебра	-	-	-	-	3	3	3	3	3	3	12	408	
7	Геометрия	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	10	340	
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	54	1836	
	Жаратылыстану	2	2	2	2	7	7	8	8	8	8	8	272	
9	Жаратылыстану	2	2	2	2	-	-	-	-	-	-	12	408	
10	Физика	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	10	340	
11	Химия	-	-	-	-	1	1	2	2	2	2	12	408	
12	Биология	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	12	408	
13	География	-	-	-	-	2	2	2	2	2	2	12	408	
	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	3	3	4	4	32	1088	
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	20	680	
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	10	340	
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	-	-	1	1	2	68	
	Технология және өнер	3	3	3	3	1	1	1	1	1	1	18	680	
17	Музыка	1	1	1	1	-	-	-	-	-	-	4	136	
18	Көркем еңбек	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	14	476	
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	30	1020	
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	3	3	3	30	1020	
	Инварианттық оқу жүктемесі	28	28	28	28	31	31	32	32	33	33	304	10336	
		Вариативтік компонент												
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	6	204
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
	Вариативтік оқу жүктемесі	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	6	204	
	Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі	28,5	28,5	28,5	28,5	31,5	31,5	32,5	32,5	34	34	310	10540	
		Сыныптарды бөліп оқыту												
№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны										Жалпы		
		5"А"	5"Б"	6"А"	6"Б"	7"А"	7"Б"	8"А"	8"Б"	9"А"	9"Б"	апталық	жылдық	
1	Көркем еңбек	2	2	2	2	1	1	1	1	1	1	14	476	
2	Орыс тілі мен әдебиеті	-	-	3	3	-	-	-	-	-	-	6	204	
3	Ағылшын тілі	-	-	3	3	-	-	-	-	-	-	6	204	
4	Информатика	-	-	1	1	-	-	-	-	-	-	2	68	
	Бөліп оқытылатын сағаттар саны	2	2	9	9	1	1	1	1	1	1	28	952	

**2024-2025 оқу жылына арналған жалпы орта білім берудің
10-11 сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспарына түсініктеме хат.**

«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – толық жинақталған.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және нормативтік құжаттарды басшылыққа аламыз:

* «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008.03.18 № 125 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023.04.13 № 96 бұйрығына өзгеріс енгізілумен)

- «Орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтардың, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020.05.22 ж. № 216 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығына өзгеріс енгізілумен);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР ДСМ 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

10-11 сыныптар үшін оқу жұмыс жоспарын құруда келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілі оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, 18.08.2023 ж. № 264 бұйрығымен енгізілген өзгерістері мен)

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж. № 399 бұйрығы, 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 195 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) **(86-қосымша)**

4. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат.

2024-2025 оқу жылында мектептің жұмыс оқу жоспары оқу, психологиялық, физикалық белсенділікті оңтайландыратын білім беру пәндерінің тепе-теңдігін қамтиды, сонымен бірге оқушылардың қабілеттеріне, жеке бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес әр түрлі санаттағы білім алушыларға толыққанды білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге арналған Білім алушылардың жеке сұраныстарына сәйкес жаратылыстану - математикалық бағыттағы 10 "А", 10 "Б", 11 "А", 11 "Б" сыныптарымен жұмыс жасалуда.

Қазақ тілінде оқытатын жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының құрылымы инвариативтік және вариативтік компоненттерден тұрады. Оқу жүктемесінің инвариантты компоненті - барлық білім алушылар оқуға міндетті оқу пәндерін анықтайтын жұмыс оқу жоспарының құрамдас бөлігі.

Жалпы орта білім беру деңгейінде шет тілін оқыту үшін жұмыс оқу жоспарының инвариативтік бөлігінде көзделген сағаттар «Ағылшын тілі» пәнін оқыту үшін айқындалған.

Білім берудің жалпы орта деңгейінің мемлекеттік стандартының 2-тарауының 20-тармағы 2-тармақшасының талаптарына сәйкес 10 «А» сыныбына ішінара батыра отырып, «Биология» пәнін ағылшын тілінде оқытуды ұйымдастыру көзделді.

Білім берудің жалпы орта деңгейіндегі жұмыс оқу жоспарының вариативті компоненті білім алушыларды жалпы мәдени және Ұлттық маңызды құндылықтарға баулуды, олардың қоғамдық мұраттарға сәйкес келетін жеке қасиеттерін қалыптастыруды, сыни ойлау мен зерттеу

зерттеу дағдыларын дамытуды камтамасыз етуге арналған. Осы стратегияны іске асыру үшін "Жаһандық құзыреттілік" курсы жүргізу жалғастырылады, оның мақсаты білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды жасау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

10 «А», 10 «Б» сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. **Курстың мақсаты:** білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

11 «А», 11 «Б» сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. **Курстың мақсаты:** білім алушылар жаһандық мәселелер, мәдениетаралық қатынастар, әлеуметтік қатынастардың әртүрлі модельдерінің маңыздылығы туралы білімдерін тереңдетеді. Халықаралық және жергілікті көздерге шолу жасалады. Ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу қажеттілігіне қарай бағытталады.

Сонымен қатар, 10 «А» сыныбында аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат ағылшын тілінде биология пәнінен «Bagik of general biology» факультативтік курсы енгізілді. Құрастырған Жақия М.М., Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің биология пәні мұғалімі және № 20 ЖББМ мектебінің биология пән мұғалімдері Косанова А.У., Нурсейтова М.М. **Мақсаты:** табиғатта болып жатқан құбылыстарды биологиялық тұрғыдан қарастырып, тірі табиғат заңнамасымен танысу, биология курсы аясында қиын сұрақтарға жауап алу, білімдерін кеңейту. Әлемдік нарықта сұранысқа ие болып тұрған ағылшын тілінде биологиялық терминдер арқылы табиғат заңдылықтарын түсіну. Алған білімдерін практика жүзінде қолдануға итермелеу, оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту. **Күтілетін нәтиже:** Сабақта алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана біледі. Экологиялық мәдениеттері мен құзыреттіліктері қалыптасады. Қоршаған ортаға сауатты қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренеді. Даму жоспарына әсері: Биология жана оқыту әдістері арқылы білім деңгейі, ой - өрісі дамыған, ағылшын тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу.

10 «А», «Б» сыныптарында білім алушылардың органикалық химиядан білім негіздерін толық түсіну мен меңгеру арқылы шығармашылық қабілетін дамытуға негізделген «Органикалық химиядан қалыптастырушы бағалау тапсырмалар жинағы» курсы жүргізіледі. Аптасына 2 сыныпта 1 сағаттан 2 сағат, жылына 68 сағат. 2024 ж. авторлары Шайхыбеков К.П., Айтпаева З.К. «Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектебінің» биология пәні мұғалімдері. **Әдістемелік құрал мақсаты:** Микробиология табиғатта кенінен таралған тірі организмдердің ең көп, әртүрлі ортада тіршілік етуге бейімделген ұсақ ағзаларды және олардың пайдасы мен зиянын білдіру. Денсаулық сақтау, ауылшаруашылығы, халықшаруашылығы, ветеринарлық, экологиялық, өндірістік, мұхит микроорганизмдерінің әрқайсысының өз ерекшеліктері мен дамуы бар екенін түсіндіру. **Күтілетін нәтиже:** Оқулықта берілген материалдар тереңдетіліп, бөлімдер мен тақырыптар зертхана жұмысы арқылы беріледі, оқушылардың шығармашылық ізденісін дамытуға бағытталған, зерттеу дағдылары артады.

10 «Б», 11 «Б» сыныптарында «Елтану» курсы жүргізіледі. Аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағат. Құрастырушылар Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы білім беретін мектептің география пән мұғалімдері Шайхыбеков К.П., Ражанов Қ. 2024 жыл. **Мақсаты:** Оқушыларға дүние жүзі елдеріне аймақтық шолу, табиғатын, халқын, шаруашылығын, олардың салт-дәстүрлерін, дінін, мәдениетін адамзаттың ғаламдық проблемаларын кенірек оқытып үйрету; Оқушыларды еңбекке баулу, мамандыққа бағдарлау және экономикалық тәрбие беру; **Күтілетін нәтиже:** білімі мен білігі тереңдейді ғылыми жұмыстар орындауға икемділіктері қалыптасады; статистикалық деректерді интернет жүйесі ақпаратын өз бетімен өңдеуге үйренеді; мектептің даму жоспарына әсері - мектеп жаратылыстану бағыты бойынша жұмыс жасағандықтан оқушылардың мамандыққа даярлануына және білімдерін толықтыруға, келешекте алған білімдерін өмірде пайдалануға әсері мол.

- 11 «А» сыныбында «Химия пәнінен оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытатын тапсырмалар» курсы жүргізіледі. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Құрастырған Бегайдарова А.С. «Мемлекеттік тілде оқытатын Заречный орта мектебі» КММ химия пәнінің мұғалімі. **Мақсаты:** Химия пәнінен оқушылардың ғылыми-жаратылыстану бағытындағы функционалды сауаттылығын дамыту, химия пәнінен есептер мен жаттығуларды қосымша орындау арқылы оқу сапасын арттыру. **Күтілетін нәтиже:** бағдарлама бойынша өтілген тақырыптардың мазмұнын түсінеді; есептерді шығару алгоритм жолын игереді; функционалды сауаттылық тапсырмаларын орындау арқылы өмірмен байланыстыруды меңгереді; химия есептерін шығаруда, тапсырмаларды орындауда креативті ойлау қажеттігін біледі, тақырып бойынша тапсырмаларды талдап, қорытындылай алады; есептерді алгоритм бойынша шығара алады; функционалды сауаттылық тапсырмаларын орындайды, өмірмен байланыстыра алады.

Сонымен қатар, 11 «А» сыныбында «Физиканы оқытуда жаңа ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» курсы жүргізіледі. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат. Құрастырушы № 17 жалпы білім беретін мектебінің физика пәні мұғалімі Мизамбекова Ж.Б. **Бұл бағдарламаның мақсаты:** оқу материалдарының жүйесін физиканы оқытуда жаңа ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру арқылы оқушылардың жұмысын қолдау. **Күтілетін нәтиже:** зерттеушілік қабілеті дамиды; әртүрлі тиімді тәсілдермен тапсырмаларды орындайды; теориялық білімдерін іс жүзінде қолданады; қажетті нақты тақырыптар бойынша білімдері тереңдейді; есте сақтау қабілеті арттады.

11 «Б» сыныбында аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат «Қазақстан фаунасы» таңдау курсы жүргізіледі. Курстың авторы «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 20 Мәриям Хәкімжанова атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ биология пәнінің мұғалімі Косанова А.У., (Облыстық оқу-әдістемелік кеңесі отырысының 15.12.2022 жылғы № 10 хаттамасымен бекітілген) 2022 ж. **Мақсаты:** Оқушылардың жаратылыстану – математикалық сауаттылығын, қосымша сабақтар арқылы дамыту; оқушылардың еліміздің жануарлар әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру, күнделікті өміріндегі ерекшелігін және маңызын айқындау; тіршіліктің мәнін ең жоғарғы құндылық деп түсінетін биологиялық және экологиялық тұрғыдан сауатты тұлға дайындау; тірі табиғат нысандары туралы білімді қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу. **Күтілетін нәтиже:** оқушылар 11 сынып бағдарламасын тереңдетіп меңгере алады; биология пәніне қызығушылық танытып жүрген оқушыларға олимпиадаға дайындық сабағы ретінде көмек болады; ақпарат көздерінен негізгі ұғымдарды, мәліметтерді қысқарта жазып, қорытып, талдау арқылы нақты тұжырым жасайды, тезистер құрастырады; пән бойынша білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді; қосымша әдебиеттер мен мерзімді баспасөздегі және де әр түрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтер мен хабарларды салыстырып, өз пікірін білдіреді, дәлелдейді; сабақты түрліше деңгейде ұйымдастыра отырып, оқушылардың алған білімдеріне тексеру жүргізіледі; оқушылардың ой – өрісі кеңейеді; ортақ міндеттермен біріккен оқу тобында коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларына ие болу.

10-11 сыныптарда вариатив компонентінен жүргізілетін элективті курстардың бағдарламалары 2024-2025 оқу жылы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі бойынша бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2015); Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сүйене отырып «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі жаратылыстану – математикалық бағыттағы 10 «А», 10 «Б» және 11 «А», 11 «Б» сыныптарында 34 апталық сағатты құрайды.

Жұмыс оқу жоспары мектептің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі бойынша бекітілді.